

Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-05/291 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 мамырда № 10944 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 177 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.04.2019 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 72) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидалары

1. Осы Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" (бұдан әрі – Заң) 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабының 1-тармағының 72) тармақшасына сәйкес әзірленді және балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі – КТБӨШ) – су айдындарындағы шаруашылық құны төмен балықтарды аулау есебінен ихтифаунаны толық немесе ішінара алмастыру, оларға балықтың бағалы түрлерін қоныстандыру, өсіру және кейіннен аулау арқылы оларды балық шаруашылығы мақсатында пайдалануды жақсартумен айналысатын шаруашылық;

2) шарбақтық балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі - ШБӨШ) – шарбақтарда тауарлы өнім өсіруге маманданатын шаруашылық.

3. Акваөсіруді дамыту мақсатында жергілікті, республикалық және халықаралық маңызға ие балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері пайдаланылады.

4. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану КТБӨШ және ШБӨШ құру мақсатында балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін конкурстық негізде бекітіп беру жолымен жүзеге асырылады.

5. КТБӨШ және ШБӨШ құру мақсатында балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурсты өткізу және ұйымдастыру тәртібі Заңның 9-бабының 1-тармағының 65) тармақшасына сәйкес бекітілген Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу Қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

6. КТБӨШ үшін негізгі су айдындарының гидрологиялық режиміне және балық ресурстарының табиғи көбеюіне елеулі түрде әсер етпейін негізінен құндылығы шамалы балық түрлері бар және табиғи балық өнімділігі төмен оқшауланған (бөліп тасталған) су айдындары (су айдындары жүйелері) және (немесе) учаскелері беріледі.

7. Негізгі балық шаруашылығы су айдынымен байланысы бар КТБӨШ және ШБӨШ үшін оқшауланған (бөліп тасталған) су айдындары және (немесе) учаскелерін балықтандыру және өсіру аталған және (немесе) негізгі су айдынында табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін балық түрлерімен жүзеге асырылады.

8. Оқшауланған (бөліп тасталған) су айдындары және (немесе) оның негізгі балық шаруашылығы су айдынымен байланысы бар жеке бөліктерінде КТБӨШ жүргізу үшін қажетті шарт КТБӨШ үшін бекітіліп берілген су қоймасынан өсірілген балық түрлерінің кетіп қалмауын және су қоймасына бөгде балықтардың (соның ішінде шабақтар) өздігінен кіріп кетуіне бөгет болатын сенімді гидротехникалық құрылғылардың (қондырғылар) бары болып табылады.

9. Осы және (немесе) негізгі су қоймада мекендемейтін және бөгде объектілерді (гидробионттарды) тірі азық ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді.

10. Пайдаланушыға бұдан бұрын бекітіліп берілген су айдынының және (немесе) учаскесінің акваториясында орналастырылған шарбақтар аймағының шегінде балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдаланудың рұқсат етілген түрлері "Балық аулау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-04/148 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10606 болып тіркелген).

11. КТБӨШ және ШБӨШ өсірілген балық пайдаланушының меншігі болып табылады.